



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 4 маусым

Жекелеген дамушы елдердің¹ 2018 жылғы 25 мамырдан 1 маусым аралығындағы валюталары бойынша шолу

1 маусымдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 1,0%-ға (327,42-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 330,78 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2018 жылғы 25 мамыр – 1 маусым аралығы кезеңінде Италиядағы саяси тұрақсыздық, Испанияның премьер-министрі Мариано Рахояның және министрлер кабинетінің отставкаға кетуі, ОПЕК+ келісіміне қатысушылардың мұнай өндіруді қысқарту нұсқаларына қатысты түсініктемелері, АҚШ-тың Еркін сауда туралы Солтүстік Америка келісімі (НАФТА) бойынша ЕО және әріптес елдерден болат және алюминий импортына баж енгізу маңызды оқиға болды. Бұл факторлар әлемдік нарықта АҚШ долларының аздап әлсіреуіне әкелді.


Дамушы елдер² валюталары бағамдарының АҚШ долларына қатысты серпіні былайша қалыптасты:

- **Индонезия рупиясы** Индонезия Банкі 7 күндік РЕПО мөлшерлемесін 4,75%-ға көтергеннен кейін 1,6%-ға (14 125-тен 13 896-ке дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** Түркияның Орталық банкі ақша-кредит саясатының жедел құрылымын оңтайландыру туралы процесін аяқтау туралы шешім қабылдағаннан кейін 1,5%-ға (4,72-ден 4,65-ке дейін) нығайды. Реттеуші репоның бір апталық мөлшерлемесін монетарлық саясаттың негізгі құралы ретінде пайдалануға шешім қабылдады;
- **үнді рупиясы** 1,0%-ға (67,77-тен 67,06-ға) нығайды;
- **Ресей рублі** апта бойы айтарлықтай өзгерістерсіз бір АҚШ доллары үшін 62,22 рублі деңгейі шегінде саудалады;
- **Оңтүстік Африка ранды** инвесторлардың тәуекелді активтерге тәбетінің төмендеуі және шетелдік инвесторлардың ЮАР қор нарығында активтерді сатуы аясында 1,5%-ға (12,50-ден 12,69-ға дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ-тың НАФТА бойынша әріптес елдерден болат және алюминий импортына баж енгізуі аясында 2,0%-ға (19,54-тен 19,94-ке дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** Бразилияның Президенті М. Темердің Петробрас мұнай мемлекеттік компаниясының қызметіне үкіметтің араласпауы және баға саясатын сақтау туралы өтініштерінен кейін 3,3%-ға (3,65-тен 3,77-ге дейін) әлсіреді. Бұдан бұрын қаржы директоры Иван Монтейра Петробрас қызметкерлерінің наразылықтарынан кейін отставкаға кеткен Педро Парентидің орнына компанияның басшысы болды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қатысты көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2018 жылғы 25 мамыр - 1 маусым)



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz